

РӨЛДІК НЕМЕСЕ ІСКЕРЛІК ОЙЫН ӘДІСІ

Рөлдік ойын – ситуациялық жағдайға орай білім алушылар рөлдік образдарға кіріп алынатын оқыту әдісі. Оқытушы ойын барысын бақылап, сабақ соңында бағасын береді. Бұндай әдістің көмегімен білім алушының іскерлік қабілеттері артып, кез-келген жағдайдан шығуына көмектеседі. Әсіресе, мәдениеттану мамандығында білім алып жатқан студенттердің жиі қолданылатын әдістерінің бірі. Өмірдің өзі театр деген ұстанымға сай.

Іскерлік ойын әдісі - белсенді оқытудың ең кең тараған түрі. Бұл әдістің ерекшелігі сабақтың ойын түрінде өткізілетіндігі. Әсіресе, шет тілдерін меңгеруде, мәдениеттану сабағын өткізгенде қолдануға әбден болады. Мысалы, қазақ халқының ұлттық ойындары тақырыбындағы сабақта асық ойнау студенттер үшін қызық болатындығы анық.

Іскерлік ойында студент образға кіріп, ойынның қызығына енеді. Студенттің жауапкершілігін, төзімділігін сынайды.

Мәдениеттану пәнінде рөлдік ойындар арқылы білім берудің мүмкіншіліктері мол. Спектакльдер, тарихи фильмдерден көрініс көрсету, рөлдерде ойнау студенттер үшін қызықты. Шет елдердің дәстүрі, әдет-ғұрпын, ұлттық киімдер, ұлттық тағамдарын көрсетуде студенттер қауымына әсерлі болары анық. Студенттерді екі, үш топқа бөліп алдын ала көрініс көрсетуін тапсырма ретінде беріп, импровизация жасауына мүмкіндік беруде пәннің қызығушылығын арттырады.

Талқылауға арналған сұрақтар?

1. Мұхтар Әуезовтың шығармасынан көрініс көрсетіңіз?
2. Өміріңізде қандай рөлде ойнағыңыз келеді?
3. Жапония елінің ұлттық киімдерін атап, салт-дәстүрінен көрініс көрсетіңіз?
4. Ұлттық ойындар мен ұлттық мерекелерінен көрініс көрсетіңіздер?